

УДК 336.71.078

## **ҚАЗАҚСТАНДА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТТЕРДІҢ АТҚАРЫЛУЫНЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Жусупова Айгерим Ерболовна**

*[aigera-14-97.97@mail.ru](mailto:aigera-14-97.97@mail.ru)*

Л.Н.Гумилев атындағы студенті, Нұр- Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – э.ғ.к., доцент Жағыпарова А.О.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасы өзінің жеке бюджет саясатын қалыптастыра бастады. Алғаш қабылданған тәуелсіз мемлекетіміздің заңдарының бірі «Бюджет жүйесі туралы» заң болды. Республикадағы бюджетаралық қатынастарды реттеу заңдылықтарының негізі осы заңнан бастау алады. Бұл заңға сәйкес жергілікті бюджет республикалық бюджеттен тәуелсіз, сонымен қатар төменгі деңгейдегі бюджеттердің қалыптасу үдерісіне жоғарғы органдардың араласуына шектеу қойылған, жергілікті органдарға қолда бар қаражаттарын еркін пайдалануға құқық берілген.

ҚР «Бюджет кодексіне» сәйкес, бюджет – мемлекеттің өз міндеттері мен функцияларын іске асыруды қаржылық қамтамасыз етуге арналған орталықтандырылған ақша қоры. Бюджет жүйесі – бюджеттердің және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, сондай-ақ бюджеттік үдерістер мен қатынастардың жиынтығы [1].

Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган – жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, бюджетті атқару, жергілікті бюджеттің атқарылуы бойынша

бухгалтерлік есепке алуды, бюджеттік есепке алу мен бюджеттік есептілікті жүргізу саласындағы функцияларды жүзеге асыратын атқарушы орган.

Қазақстандағы бюджеттік үдеріс «Бюджет жүйесі туралы» Заңның соңғы қабылданған (1999 ж.) негізінде республикалық және жергілікті бюджеттерді әзірлеу, қарау, бекіту, орындау және бақылаудың жаңа тәртібі анықталды. Осы заңмен бюджет қаражаттарын қалыптастыру мен жұмсаудың қағидаттарына өзгерістер енгізілді, атап айтқанда:

- Орталық және жергілікті билік органдарының функциялары бөлінді;
- республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын бағдарламалардың тізімі анықталды;

- Аймақтар бюджетінің жеткіліктілігін қамтамасыз ету үшін олардың орындайтын функцияларына сәйкес бюджет деңгейлерінің арасында табыстарды бөлу белгіленді;

- Бюджеттің кредиторлық қарызының өсуінің алдын алу механизмдері айқындалды;
- Барлық бюджеттен тыс қорлар қысқартылды [2].

Бүгінгі таңда, 2019–2021 жылдарға арналған республикалық бюджет, оның ішінде 2019 жылға келесідей көлемде бекітілуі жоспарланды:

- кірістер – 9 631 121 733 мың теңге, оның ішінде:

- салықтық түсімдер бойынша – 6 661 306 420 мың теңге;

- салықтық емес түсімдер бойынша – 117 751 450 мың теңге;

- негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша – 6 884 960 мың теңге;

- трансферттер түсімдері бойынша – 2 845 178 903 мың теңге;

- шығындар – 10 335 045 772 мың теңге;

- таза бюджеттік кредит беру – 143 838 857 мың теңге, оның ішінде:

- бюджеттік кредиттер – 260 817 717 мың теңге;

- бюджеттік кредиттерді өтеу – 116 978 860 мың теңге;

- қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 131 269 962 мың теңге, оның ішінде:

- қаржы активтерін сатып алу – 131 269 962 мың теңге;

- бюджет тапшылығы – -979 032 858 мың теңге немесе елдің ішкі жалпы өнімінің 1,5 пайызы;

- бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы – -4 419 670 858 мың теңге немесе елдің ішкі жалпы өнімінің 6,9 пайызы;

- бюджет тапшылығын қаржыландыру – 979 032 858 мың теңге көлемінде атқаруға қабылдансын.

Сонымен қатар, 2019 жылға арналған республикалық бюджетте Ресей Федерациясының "Байқоңыр" кешенін пайдаланғаны үшін 42 550 000 мың теңге сомасында және әскери полигондарды пайдаланғаны үшін 7 414 430 мың теңге сомасында жалдау төлемақыларының түсімдері көзделінуі жоспарлануда [3].

“Бюджет жүйесі туралы” заң шынайы үрдістерге едәуір жақын болғанмен де, бюджет үдерісін жеткілікті деңгейде реттеуге дәрменсіздеу, кемеліне жетпеген болып шықты. Сонымен 2004 жылдың 24 сәуірінде Бюджет Кодексі қабылданып, 2005 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді. Бұл Кодекс бюджеттік және бюджетаралық қатынастарды реттейтін және бюджет жүйесінің негізгі ережелерін, қағидаттары мен механизмдерін, бюджет қаражатының құрылуы мен пайдаланылуын белгілейді.

Республикалық бюджет елдің негізгі қаржылық құжаты болып табылады. Оның негізінде Қазақстанның барлық аймақтарының бюджетін қамтитын мемлекеттік бюджет құрылады.

Қазақстан Республикасындағы бюджеттік жоспарлаудың қазіргі жағдайын талдамалық баға беру үшін бюджеттің орындалуына талдау жасау керек. Бұл мақсатта 2019 жылы Қазақстан Республикасының республикалық және жергілікті бюджеттердің орындалуын қарастырып өтейік.

Кесте 1 – Қазақстан Республикасының республикалық және жергілікті бюджеттердің орындалуы

млн.теңге

Атауы	Республикалық бюджет		Жергілікті бюджет (Ақмола облысы бойынша)	
	2019 жылғы 1 қаңтарға орындалуы,	Орындалуы %-бен	2019 жылғы 1 қаңтарға орындалуы,	Орындалуы %-бен
1	2	3	4	5
Кірістер	13 275 671	113,2	176 471	100,0
Салықтық түсімдер	11 090 862	102,1	21 762	96,7
Салықтық емес түсімдер	236 829	126,9	1 339	1,6
Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	92 798	113,1	14,8	1,8
Трансферттердің түсімдері	8 445	100,0	153 354	25,3
Бюджеттік кредиттерді өтеу	110 097	94,6	2 599	100,0
Шығындар, оның ішінде	11 364 128	99,7	175 827	100,0
Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	611 025	99,8	3 563	99,5
Қорғаныс	542 129	99,9	411	99,7
Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	795 089	100,0	6 838	100,0
Білім беру	1 948 476	99,9	22 444	100,0
Денсаулық сақтау	1 173 312	99,8	4 318	100,0
Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	2 751 353	100,0	6 288	99,9
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	749 030	99,4	23 729	100,0
Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	449 291	99,8	8 047	99,8
Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	130 489	99,9	2 486	100,0
Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	501 835	99,8	31 855	100,0
Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	35 860	99,7	3 492	100,0
Көлік және коммуникация	834 187	99,7	12 787	100,0
Басқалар	225 843	92,1	3 766	99,6
Борышқа қызмет көрсету	587 662	100,0	10,4	100,0
Трансферттер	10 466	100,0	45 787	100,0
Бюджеттік кредиттер	272 937	99,9	10 964	100,0
Бюджеттің тапшылығы (профициті)	-1 628 940		-8 095	

Ескерту: мәлімет [4],[5] Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің және «Ақмола облысы қаржы басқармасы» ММ ресми сайтынан алынып, автормен құрастырылған.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесі келесіні көрсетті: мемлекеттік бюджет шығыстары 94,9%-ке, республикалық – 95,6%, жергілікті бюджеттері 95,9%-ке атқарылды.

Республикалық бюджет шығыстары 1 трлн. 870 млрд.теңгені құрады. Бюджет қаражаты 86 млрд.теңгеге атқарылмады. Оның 11 млрд.теңгесі үнемдеу болады. Ал, игерілмеу сомасы 75 млрд.теңгені құрады. Бұл өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 54 млрд.теңгеге төмен.

Ең ірі игерілмеу сомалары келесі министрліктерде қалыптасты: Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі – 19 млрд.теңге, Қорғаныс – 11 млрд.теңге, Білім және ғылым және Ішкі істер - 9 млрд.теңге.

Жергілікті бюджеттердің шығыстары 559 млрд.теңгеге игерілді. 24 млрд.теңге орындалмады.

Ағымдағы жылы республикалық бюджетте жергілікті бюджеттерге 1 113 млрд.теңге нысаналы трансферттер қарастырылған.

Есепті кезеңде оларға 95 млрд.теңге бөлінді. Жергілікті атқарушы органдармен олардың 89,6%-і игерілді, яғни 85 млрд.теңге. 9,3 млрд.теңге орындалмаған, оның ішінде 1,2 млрд.теңге үнемдеу. 8,1 млрд.теңге игерілмеген.

Барлық өңірлердегі игерілмеудің басты себебі: келісім-шарттардың ұзақ жасалуы және сол себепті қазынашылық органдарында кеш тіркелуі, жұмыстардың кестеден қалуы. Алматы қаласында басты себеп – ол әкімшіліктің құрылымының өзгеруі болды. Ең көп игерілмеу келесі өңірлерде қалыптасты: Алматы қ. – 1,7 млрд.теңге, Солтүстік Қазақстан – 1,6 млрд.теңге, Ақтөбе – 0,8 млрд.теңге, Қостанай – 0,7 млрд.теңге, Астана қ. – 0,7 млрд.теңге.

Талдаудан алынған нәтижелер бірқатар күрделі мәселелердің туындауына әкелді, олар:

- 2012 жылға денсаулық сақтау, білім беру және ғылым саласына түсетін қосымша қаражаттар қандай нақты мақсаттарға бағытталады?

- Аймақаралық бюджеттер арасындағы қосымша қаржыларды қайта бөлгенде Қазақстан аймақтарын дамуының бірқалыпты емес мәселесі қаншалықты ескеріледі?

- Ауыл шаруашылық, су, орман, балық шаруашылығына, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғауға шығындар деңгейін қысқарту қаншалықты негізді? Қазақстанның көптеген аймақтарында экологиялық жағдай бұрынғыдай өте жағымсыз болып отыр.

- Тұрғын-үй шаруашылығындағы мемлекеттік шығындар деңгейінің қысқартылғаны қаншалықты негізді?

- Ағымдағы жылдың денсаулық сақтау бюджетінің орындалуының төмен деңгейі немен байланысты?

- Осы жағдайды шешу үшін Министрліктер мен ведомстволарға қандай шараларды қолдану қажет?

Бюджет экономиканы, инвестициялық белсенділікті, өндірістің тиімділігін өсірудегі реттеудегі және ынталанандырудағы, негізгі құралы болып табылады, бюджет арқылы әлеуметтік саясат жүзеге асырылады [6].

Қорыта келгенде, туындаған мәселелерді шешуге байланысты ұсыныс ретінде республикалық және жергілікті бюджеттердегі жиналған кірістер мен бағытталған шығыстарды дұрыс қадағалауда тиісті органдардың жұмысын күшейту қажет, сонымен қатар заңды бюджет жүйесіне қарай жетілдіру, дамыту және де бюджет комиссиясының басқа мемлекеттік тиісті органдарға қарағанда билік деңгейін күшейту.

Алдағы орта мерзімді кезеңде даму бағдарламалары шеңберіндегі шығыстар саясаты мемлекеттік инвестицияларды пайдалану тиімділігін, бюджет заңнамасының ережелерін қатаң сақтауды, мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаражаттың әлеуметтік-экономикалық маңыздылығы мен пайдалану тиімділігін арттыруға бағытталған.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының (2008 ж., 4 желтоқсан, №95-IV) Бюджет кодексі

(2019.01.15. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

2. Омирбаев С.М., Ынтыкбаева С.Ж., Адамбекова А.А., Парманова Р.С. Государственный бюджет: учебник – Алматы: ТОО РПИК «Дәуір», 2011. - 632с.

3. "2019–2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңы//Электрондық ресурс: Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі ресми сайты <http://adilet.zan.kz>

4. 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есеп //Электрондық ресурс: Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің ресми сайты <http://www.minfin.gov.kz>

5. 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша облыстық бюджеттің атқарылуы жөніндегі есеп //Электрондық ресурс: «Ақмола облысы қаржы басқармасы» ММ <http://oblfin.akmo.gov.kz>

6. Утебаев Б.С, Жунусова Р.М Государственный бюджет: учебник. – Экономика, 2012 -412с.